



## "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 ақпан N 288

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 23 маусымдағы Z922200\_ Заңына: (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостері, 1992 ж., N 11-12, 290-құжат; N 24, 592-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар) :

1) 4-баптың екінші абзацындағы "Ішкі істер министрі - " деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

2) 7-баптың үшінші абзацындағы "Ішкі істер министрін - " деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

тақырыбындағы " - Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің қолбасшысы" деген сөздер алынып тасталсын;

бірінші абзацтағы " - Ішкі әскерлерінің қолбасшысы" деген сөздер алынып тасталсын;

бесінші абзац "орналастырылуын және штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде белгілейді" деген сөздерден кейін " және бекітеді" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші абзацтар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"ішкі әскерлердің жоғары әскери оқу орындарының бастықтарын, ішкі әскерлер құрамаларының командирлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады, ішкі әскерлердің офицерлерін қызметтен босатады, офицерлік құрамның бірінші әскери атағын және "полковник" әскери атағын береді.";

4) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1 бап. Ішкі әскерлер қолбасшысы

Ішкі әскерлер қолбасшысы:

ішкі әскерлердің тұрақты әскери және жұмылдырушылық дайындығын қамтамасыз етеді;

әскерлердің әскери-қызметтік жұмысына, жедел және әскери дайындығына, алдыңғы қатарлы тәжірибені енгізуге, материалдық базаны дамытуға және жеке құрам үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауға басшылық етеді;

әскерге шақыру және келісім-шарт бойынша ерікті түрде әскерлерді мерзімді қызметтің әскери қызметшілерімен жасақтаудың; Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына сәйкес оларды запасқа босатуды ұйымдастырудың жоспарларын әзірлейді;

бұйрықтар, директивалар, нұсқаулар шығарады және құрамалардың, әскери бөлімдердің штаттарын бекітеді;

ішкі әскерлер офицерлерінің заңнамаға сәйкес әскери қызмет өткеру мәселелерін шешеді, оларды лауазымдарға тағайындайды, лауазымдардан босатады, подполковникті қоса алғанда кезекті әскери атақтарды береді, запасқа немесе отставкаға шығарады;

ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін, қызметшілерін мемлекеттік наградалармен марапаттауға ұсынады;

әскерлерді қаруландыруға (жабдықтауға) әскери және өзге де техника мен басқа да мүлікті қабылдайды, жарамсыз күйге келген немесе жоғалған әскери (бюджеттік) есептегі материалдық құндылықтар мен ақшалай қаражатты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен есептен шығарады.";

5) 11-баптың екінші абзацындағы " - Ішкі әскерлер қолбасшысының" деген сөздер алынып тасталсын ;

6) 13-баптың екінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі - " деген сөздер алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығына: ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостері, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат, N 23,

416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; №1999 ж., N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат):

1) 6-бапта:

тақырыбындағы және 1-тармақтағы " - Ішкі әскерлер қолбасшысы деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының Президентіне Ішкі әскерлер қолбасшысының кандидатурасын тағайындауға ұсынады;"

2) 7-баптың 1-тармағы алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.